

«SkyBridge Invest» АҚ Басқармасының  
шешіміне №1 Қосымша

«SkyBridge Invest» АҚ Басқармасының  
2021 жылғы «31» наурыздағы  
№13 Хаттамасымен бекітілді

«SkyBridge Invest» АҚ Басқармасының  
2023 ж. «23» тамыз  
№ 26 Хаттамасымен бекітілген  
өзгерістерімен және толықтыруларымен  
2023 ж. «08» қыркүйек күшіне енеді

**БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ПЕН НОМИНАЛДЫ  
ҰСТАУ ҚЫЗМЕТИН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ  
(ТИПТІК) ШАРТ**

Алматы қ.

«\_\_\_» \_\_\_\_ 2023 ж.

*Преамбула «23» тамыз 2023 ж. өзгертілді*

«SkyBridge Invest» АҚ (БСН 031040003597, 2016 жылғы 20 шілдеде Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берген №4.2.192/113 лицензия, 2023 жылғы 18 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген банк операцияларын жүргізуге №4.3.20 лицензия, 2018 жылғы 21 қараашадағы Астана Халықаралық қаржы орталығының қаржы қызметтерін реттеу комитеті берген №112018-012 лицензия), әрі қарай «Брокер» деп аталағы, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Ш.Р. Айнабаева тұлғасында әрі қарай «Клиент» деп аталағын жеке немесе заңды тұлғага осы Брокерлік қызмет көрсету туралы (типтік) шарт (әрі қарай «Шарт») негізінде брокерлік қызмет көрсетеді, әрі қарай олар бірге «Тараптар» деп аталағы.

Брокерлік қызмет көрсету туралы (типтік) шартқа қосылу туралы тиісінше Отініш берген немесе Брокерлік қызмет көрсету туралы (типтік) шартқа қол қойған Брокер мен Клиент Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 389 бабын басшылыққа ала отырып, төмендегі шарттардағы осы Шарттың жасалу фактісін раставиды:

**НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

**Биржа**

сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей өткізу жолымен сауда-саттықты үйімдастыруды және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE); «Астана» Халықаралық қаржы орталығы Astana International Exchange (AIX);

**Ішкі құжаттар**

Брокердің бағалы қағаздар нарығындағы қызметтің жүзеге асыру шарттары мен тәртібін, қызметтер көрсетуді, оның ішінде электрондық қызметтерді көрсетуді, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің, қызметкерлерінің өзара іс-кимыл жасау тәртібін реттейтін брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру бойынша құжаттар және Брокердің өзге құжаттары;

**Депозитарий**

негізгі функциясы Брокер және басқа номиналды ұстаушылар үшін бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметтерін көрсету және бағалы қағаздар нарығында жасалған бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айрысулады жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру болып табылатын мамандандырылған үйим; бір реттік (біржолғы) кодты пайдалану жолымен электрондық қызметтерді алу құқығын бірмәнді растава мақсатында Клиентті сәйкестендіру процедурасы. Клиентті Клиентті динамикалық сәйкестендіру қызметіне қосу мақсатында Қазақстан Республикасының мобильді операторының коды бар ұялы телефон нөмірі пайдаланылады;

**Клиентті  
динамикалық  
сәйкестендіру**

Клиент қол қоятын және Клиенттің Шартқа қосылуға келісімі және оның барлық талаптарын сөзсіз қабылдауы болып табылатын өтініш; Клиенттің электрондық құжат формасында немесе Клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы куәландырылған өзге электрондық-цифрлық формада жасалған, Брокерге ұсынылатын және осындағы тапсырмада белгіленген шарттармен Клиенттің есебінен және оның мүддесінде бағалы қағаздармен немесе өзге қаржы құралдарымен мәміле жасасуға нұсқауы бар тапсырмасы;

**Бұйрық/Клиент  
бұйрығы**

Клиенттің электрондық құжат формасында немесе клиентті динамикалық сәйкестендіру арқылы куәландырылған өзге электрондық-цифрлық формада жасалған, Брокерге ұсынылатын және Клиентке тиесілі бағалы қағаздарға немесе өзге де қаржы құралдарына немесе дербес шоттағы ақшага қатысты белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға немесе Брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесінде акпараттық операциялар жасауға нұсқауы бар тапсырмасы;

**Заңнама**

заңнамасы және/немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) қызметтің реттейтін заңнама, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Астана» халықаралық қаржы

<b>Кастодиан</b>	орталығы туралы Коституциялық заңнамасы, АХҚО актілері, Astana International Exchange (AIX) ережелері мен процедуралары, AIX CSD (AIX Орталық бағалы қағаздар депозитарийі) – және оларға қармақ-қайшы келмейтін, Англия мен Уэлстің принциптеріне, нормаларына және прецендettterіне негізделген құқықтар және/немесе АХҚО берілген уәкілеттілік шегінде қабылдайтын жетекші әлемдік қаржы орталықтарының стандарттарына негізделген нормалар;
<b>Мұдделер қайшылығы</b> <b>Жеке кабинет</b>	клиенттердің қаржы құралдары мен ақшаларын есепке алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжаттамалық қаржы құралдарын сақтауды, олардың сақталуы бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдай отырып және Заңнамаға сәйкес өзге де қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы, осындай қаржы құралдары мен ақшаға қатысты құқықтарды сатып алусыз;
<b>Дербес шот</b>	бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының және олардың клиенттерінің мұдделері өзара сәйкеспейтін жағдай;
<b>Номиналды ұстауышы</b> <i>Болім «23» тамызы 2023 ж. анықтамамен толықтырылды</i>	клиент Клиенттік тапсырыстарды / Клиенттік бұйрықтарды беруді, оның ішінде ЭЦҚ пайдалана отырып жүзеге асыратын, дербес шот, өз портфелінің жай-күйі туралы қажетті ақпаратты, қаржы құралдары туралы, биржадағы сауда-саттықтың барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ өз мәмілелерінің есептері мен тарихын және платформа функционалында көзделген өзге де ақпаратты алатын Брокердің онлайн платформасының бөлімі;
<b>Айырбастау операциясы</b>	мәмілелерді тіркеу және эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдары бойынша құқықтарды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны бірмәнді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін Брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесіндегі жазбалар жиынтығы;
<b>Биржа ережелері</b>	бағалы қағаздардың номиналды ұстаушысы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығына ие Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;
<b>Номиналды ұстауды есепке алу жүйесі</b>	Брокер жасайтын қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу, сату (айырбастау / конвертациялау) бойынша қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен операция немесе ұлттық валютаны шетел валютасына айырбастау бойынша және шетел валютасын ұлттық валютага айырбастау (конвертациялау) бойынша Клиенттік тапсырмасымен және активтері есебінен және (немесе) Брокердің активтері есебінен және (немесе) басқарудағы активтер шоты есебінен жасалытын операциялар;
<b>«Интернет-трейдинг «SB Invest» жүйесі</b>	Биржаның сауда аландарында биржаның және оның мүшелерінің қызметтің жүзеге асыру шарттары мен тәртібін және олардың өзара іс-қымыл тәртібін, биржаның сауда аландарында қаржы құралдарымен мәмілелер жасау шарттарын регламенттейтін биржаның ішкі құжаттары;
<b>Бір реттік (бір жолғы) код</b>	бағалы қағаздарды ұстаушылар және оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтер кіретін, оларды белгілі бір уақыт сәтінде сәйкестендіруді, бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алуды және растауды және бағалы қағаздармен мәмілелерді / операцияларды тіркеуді, сондай-ақ осы бағалы қағаздар бойынша айналысқа немесе құқықтарды жүзеге асыруға тіркелген шектеулердің сипатын және заңнамаға сәйкес өзге мәліметтер кіретін брокердің номиналды ұстауын есепке алу жүйесі;
<b>Үәкілетті орган</b>	тапсырыстарды (Клиенттік тапсырыс/Клиенттік бұйрық) беруді, Биржаның сауда жүйесінде және (немесе) халықаралық Бағалы қағаздар нарығында қаржы құралдарымен операциялар туралы ақпарат алуды, Клиенттің бағалы қағаздар портфелін және платформа функционалында қарастырылған өзге де ақпаратты алуды қамтамасыз ететін Брокердің ақпараттық жүйелерін қоса алғанда, оның бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы болып табылатын платформа, сондай-ақ Клиентке іскерлік қатынастарды қашықтан орнатуды қоса алғанда, электрондық қызметтерді ұсыну. «SB Invest» Интернет-трейдинг жүйесін Клиент шектеулі функционалдығы бар платформа ретінде де, Брокер ұсынатын функционалдылыққа толық қол жеткізе алатын Сауда платформасы ретінде де пайдалана алды. Шектеулі функционалдылықта сауда және ақша операциялары жоқ;
<b>Электрондық қызметтер</b>	Клиенттің сұранысы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдармен жасалған және Клиентті динамикалық сәйкестендіру кезінде бір реттік пайдалануға арналған электрондық цифрлық таңбалардың бірегей тізбегі:
<b>ЭЦҚ (электрондық</b>	каржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган;
	Брокер Клиентке сауда операцияларын, дербес шот бойынша операцияларды және (немесе) ақпараттық операцияларды жүзеге асыру жөніндегі платформа арқылы ұсынатын қызметтер, сондай-ақ брокер заңнамаға және брокердің ішкі құжаттарына сәйкес «SB Invest» Интернет-трейдингі» жүйесі арқылы ұсынатын өзге де қызметтер;
	Ұлттық күнеландырушы орталық ұсынатын, электрондық цифрлық колтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

<b>цифрлық көлтәңба)</b>	
<b>Электрондық құжат</b>	ақпарат электрондық цифрлық түрде ұсынылған және белгіленген форматқа сәйкес келетін құжат;
<b>Электрондық құжат айналымы (ЭҚА)</b>	Шартқа сәйкес жеке кабинетте электрондық құжатпен алмасу.
	АХҚО-да Брокердің қызмет көрсету мақсаттары үшін жоғарыда көрсетілген терминдер мен анықтамалардан басқа Тараптар АХҚО, AIX, AIX CSD актілерінде қолданылатын терминдер мен анықтамаларды таниды. Осы Шартта қарастырылмаган терминдер мен анықтамалар Заннама нормаларына, Биржа Ережелеріне, Брокердің Ішкі құжаттарына сүйене отырып түсіндірілетін болады.

## 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Брокер Заннама талаптарына және Брокердің Ішкі құжаттарына, оның ішінде Шарттың 1.2., 1.3., 1.3-1., 1.4. тармақтарында (Бұдан әрі – «**Қызметтер**») қарастырылған талаптарға сәйкес Клиенттің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасаудан және оларды номиналды ұстаудан тұратын қаржы нарығында қызметтер көрсету жөніндегі міндеттемелерді өзіне алады, ал Клиент Шартта айқындалған талаптарға сәйкес Қызметтер үшін ақы төлеуге міндеттеледі.
- 1.2. Брокерлік қызметтер деп брокердің Ішкі құжаттарында белгіленген нысандар бойынша жасалған, клиент берген және брокердің орындауына қабылданған клиенттік тапсырыстар негізінде клиенттің тапсырмасы бойынша және клиенттің есебінен бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен операциялар және мәмілелер жасау жөніндегі Брокердің қызметтері түсініледі.
- 1.3. Брокер жеке ақыға және жеке келісім негізінде Клиентке мынадай қызметтер көрсетуге құқылы:
  - Клиентке инвестициялық шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты ұсыну;
  - Клиентке қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы кеңестер беру;
  - ақпараттық, аналитикалық кеңес беру қызметтері.

**«23» тамыз 2023 ж. 1 бөлім 1.3-1 тармағымен толықтырылды**

- 1.3-1. Осы Шартта Клиент пен Брокердің клиентке қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен Айырбастау операцияларын жасау жөніндегі қызметтерді ұсыну бөлігіндегі өзара қарым-қатынасы да реттеледі.
  - 1.4. Номиналды ұстаушының қызметтері деп Клиент берген және Брокер орындауға қабылдаған Клиенттік бүйректар мен өтініштер негізінде, сондай-ақ Заннамага сәйкес Брокерге орындауға ұсынылатын үшінші тұлғалардың тапсырмалары негізінде операциялар жасау жөніндегі Брокердің қызметтері түсініледі.
- Бағалы қағаздарды номиналды ұстау қызметтері мыналарды қамтиды:
- 1) Клиенттің Дербес шотын ашу, жабу, КР Бағалы қағаздар нарығы туралы Заннамасында және Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Клиенттің дербес шотына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
  - 2) қателіктердің алдын алу және Клиенттің дербес шотындағы ақпараттың бұрмалануын болдырмау мақсатында тұрақты бақылауды жүзеге асыру;
  - 3) Клиенттің дербес шотына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезектілігін белгілеуге немесе қалпына келтіруге мүмкіндік беретін номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі ақпаратты сактау;
  - 4) Клиенттің бағалы қағаздарын есепке алу және осы бағалы қағаздармен операциялар жасау кезінде олардың болуын қамтамасыз ету;
  - 5) Клиенттің бағалы қағаздарымен мәмілелер мен операцияларды тіркеу;
  - 6) Клиенттің бағалы қағаздар бойынша құқықтарын растау;
  - 7) номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздармен мәмілелер жасасу кезінде Клиенттің мүдделерін білдіру;
  - 8) Клиенттің назарына номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты жеткізу;
  - 9) Брокердің ішкі құжаттарында белгіленген нысандар бойынша, жүргізілген операциялар туралы есептер беру;
  - 10) Клиенттің, Депозитарийдің, Үәкілдік органның сұрау салулары бойынша басқа да есептерді дайындау және беру;
  - 11) Шартты орындау үшін жүзеге асырылуы қажет және Заннамага қайши келмейтін өзге де қызметтер көрсету.
- 1.5. Брокер Клиентке қосылу туралы өтініште Клиент анықтаған қызметтерді ұсынады.
- «23» тамыз 2023 ж. 1.6 т. жаңа редакцияда баяндалған**
- 1.6. Осы Шартқа қосылу арқылы Клиент Брокердің тарифтерімен танысқанын және олармен келісітінін, сондай-ақ Брокердің оларды біржақты тәртіппен өзгерту алу мүмкіндігін растайды.

## 2. ЖАЛПЫ ШАРТТАР

- 2.1. Брокердің қызмет көрсетуі Шарттың ережелерімен, Брокердің ішкі құжаттарымен, Заннамамен, биржа Ережелерімен, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығына қасіби қатысушылардың және бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға, жасауға және тіркеуге қатысатын өзге де үшінші тұлғалардың ішкі құжаттарымен реттеледі.
- 2.2. Клиент Брокердің Шартта сипатталғандарға ұқсас қызметтерді үшінші тұлғаларға көрсететінін, сондай-ақ өзге шарттар бойынша үшінші тұлғалардың тапсырмаларын қабылдайтынын және Заннамага сәйкес қәсіптік қызмет түрлерін қоса атқару тәртібімен үшінші тұлғалардың мүддесі үшін және өз мүддесі үшін

қаржы құралдарымен мәмілелер мен өзге де операцияларды жүзеге асыратынын біледі. Ушінші тұлғалар үшін мұндай мәмілелер мен операцияларды Брокер шарт шенберінде Клиентке көрсетілетін қызметтер бойынша шарттар мен сыйақылардан өзгеше шарттарда және сыйақылар үшін жүзеге асыра алады.

- 2.3. Шартпен реттелетін қатынастарға тапсырма шартына қатысты белгіленген Заңнаманың күші қолданылады. Клиенттің мұддесі үшін қаржы құралдарымен мәмілелер ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасасуға жататын жағдайларда, Брокер мен Клиент арасындағы қатынастарға комиссия шартына қатысты белгіленген Заңнаманың күші қолданылады.
- 2.4. Брокер Клиенттің мұдделерін қорғау мақсатында қаржы құралдарымен мәміле жасауды басқа брокерге тапсыра алады.

**«23» тамыз 2023 ж. 2.5-тартмақ жаңа редакцияда баяндалған**

- 2.5. Шарттың талаптары маржиналдық кредиттеу талаптарында жасалған мәмілелерге колданылмайды. Брокер маржиналдық мәмілелер жасау бойынша қызмет көрсетпейді.
- 2.6. Брокердің қызмет көрсетуі Шарттың ережелерімен, Брокердің ішкі құжаттарымен, Заңнамамен, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға, жасауға және тіркеуге қатысатын өзге де ушінші тұлғалардың ішкі құжаттарымен реттеледі.
- 2.7. Брокер Клиентті осында деп тануға ниеті бар және Заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келетін білікті инвестор деп тану жөніндегі қызметтерді, сондай-ақ Брокердің Ішкі құжаттарында айқындалған өтініш пен құжаттар негізінде білікті инвесторлардың есебінен ғана сатып алуға рұқсат етілген бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына инвестицияларды жүзеге асыру бөлігінде көрсетілетін қызметтерді ұсынады.
- 2.8. Клиент қаржы нарығындағы қызметпен байланысты нарықтық, кредиттік, пайыздық, жүйелік, жүйелік емес және өзге де тәуекелдердің болу фактісін және егер мұндай залал Брокердің брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру үшін белгіленген шарт талаптары мен заңнама талаптарын сактамауынан туында маса, Брокер Клиентке келтірілген қандай да бір залал үшін жауапты емес екенін түсінеді.

**«23» тамыз 2023 ж. 2.9-тартмақ (орындағы нұсқасы) жаңа редакцияда баяндалған**

- 2.9. Шартты жасасу және орындау процесінде Брокер Клиентке ықтимал немесе нақты мұдделер қақтығысы туралы хабарлайды.
- 2.10. Брокер Клиентке, егер мұндай мәмілені орындау мұдделер қақтығысына әкеп соқтырса, қаржы құралдарымен мәміле жасау туралы ұсыныштар бере алмайды. Брокердің кеңес беруі нәтижесінде мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда, Брокер Клиентке осындағы әрекеттің нәтижесінде келтірілген залалды және Шартта белгіленген тұрақсыздық айыбын төлейді.
- 2.11. Мұдделер қақтығысы туындаған жағдайда Брокер клиенттің мұдделерінің өз мұдделерінен, өз қызметкерлерінің, акционерлерінің және үлестес тұлғаларының мұдделерінен басымдығын негізге ала отырып, қаржы құралдарымен мәміле жасайды.
- 2.12. Брокер Клиенттік тапсырысты/Клиенттік бұйрықты жақсы орындау үшін бар күшін салады.
- 2.13. Брокер электрондық түрде жіберетін барлық хабарламалар, сұратулар, өтініштер, есептер, үзінділер, шоттар және өзге де құжаттар жеке кабинетке жеткізіледі және Клиентке тиісті түрде жеткізілген болып есептеледі.
- 2.14. Брокердің ақпараттық жүйесінде хабарламаларды қабылдау-жіберуді тіркеу файлынан алынған деректер Клиентке жеке кабинет арқылы жіберілген ақпаратты ұсынуды/жіберуді растау болып танылады.

**«23» тамыз 2023 ж. 2-бөлім 2.15 тармақпен толықтырылды**

- 2.15. Брокер Брокердің шоттарындағы өз Клиенттерінің ақшасын қарыз түрінде не міндеттемелерді өз мұддесі үшін немесе ушінші тұлғалардың мұддесі үшін орындау мақсатында пайдаланбайды, сондай-ақ бір Клиенттің ақшасын Брокердің өзге Клиенттерінің мұддесі үшін пайдаланбайды.

### **3. КЛИЕНТТИК ТАПСЫРЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ**

**«23» тамыз 2023 ж. 3.1 т. жаңа редакцияда баяндалған**

- 3.1. Брокер Клиенттік тапсырыс негізінде бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен, оның ішінде қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу немесе сату бойынша мәмілелер жасайды.
- 3.2. Клиенттік тапсырыс келесі әдістердің бірімен беріледі:
- ЭЦҚ және/немесе Клиентті динамикалық сәйкестендіруді пайдалана отырып, «SB Invest» Интернет-трейдинг» жүйесі арқылы электрондық түрде;
  - тапсырысты/бұйрықты пошта/курьерлік беру арқылы бір данада беру;
  - Клиенттің Брокердің кенселерінде жеке қатысуымен және Клиент немесе Брокер қызметкері қалыптастырган бір данадағы тапсырыска/бұйрыққа брокердің жауапты қызметкерлерінің қатысуымен қол қою арқылы жүзеге асырылады.
- 3.3. Клиенттің Клиенттік тапсырысты беруі Клиенттің Клиенттік тапсырыста көрсетілген параметрлермен мәміле жасасуға келісу факті болып табылады.
- 3.4. Мәмілелер жасау мақсатында Клиент Клиенттік тапсырысты бергенге дейін өзінің дербес шотында ақшаның/бағалы қағаздардың өзге қаржы құралдарының қажетті көлемінің болуын қамтамасыз етуге міндетті.

**«23» тамыз 2023 ж. 3 бөлім 3.4-1 тармақпен толықтырылды.**

- 3.4-1. Қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу немесе сату бойынша Клиентке қызметтер көрсетуді Брокер Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес сатып алынатын немесе сатылатын қолма-қол ақшасыз валютаны алдын ала жеткізуді толық алдын ала төлеу шарттары бойынша жүзеге асырады.
- 3.5. Брокер Клиенттің арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, бұйрықтарды/тапсырыстарды беру мен өндеудің электрондық және басқа тәсілдерінің үздіксіз және қатесіз жұмыс істеуіне кепілдік бермейді. Бұйрықты/тапсырысты электрондық түрде немесе арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, аталған тәсілдердің өзге түрінен беру үшін техникалық немесе өзге мүмкіндік болмagan жағдайда, Клиент бұйрықтарды/тапсырыстарды беру үшін Шартта қарастырылған өзге де қолжетімді тәсілдерді пайдалануға туіс.
- 3.6. Клиент «SB Invest» Интернет – трейдингі» жүйесінде тиісті Ақпараттық хабарлама арқылы клиент - жеке тұлға үшін 2 000 (екі мың) айлық есептік көрсеткіштен және клиент-заңды тұлға үшін 20 000 (жиырма мың) айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға мәміле жүргізу туралы өзінің инициативада.
- 3.7. ЭЦК және/немесе Клиентті динамикалық сәйкестендіруді пайдалана отырып, «SB Invest» Интернет-трейдинг» жүйесі арқылы жіберілген Клиенттік тапсырыс Брокердің автоматтандырылған есептік жүйесінде автоматты тексеруден өтеді, ол келесіні тексереді:
- 1) Клиенттік тапсырыска ЭЦК-мен қол кою кезінде - Интернет-Трейдинг жүйесі арқылы берілетін Клиенттік тапсырыстардағы Клиенттің ЭЦК түпнұсқалығын (қолтаңбаны верификациялау);
  - 2) Клиенттік тапсырысты бір реттік (біржолғы) код арқылы раставаған кезде-Клиент енгізген бір реттік (біржолғы) кодтың Брокердің Интернет-Трейдинг жүйесінде жасалған бір реттік (біржолғы) кодқа сәйкестігін;
  - 3) Клиенттік тапсырыс бойынша мәміле жасау үшін қаржы құралдарының жеткіліктілігін;
  - 4) өзіне қатысты Клиенттік тапсырыс берілген бағалы қағаздарда ауыртпалықтың (бұғаттаудың) болуын.
- 3.8. Брокер Клиенттік тапсырысты орындауга қабылдамайды::
- Клиенттік тапсырыстың мазмұны ҚР Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына және Шарттың талаптарына қайшы келген жағдайда;
  - егер Клиенттік тапсырыс берілген бағалы қағаздарға ауыртпалық салынса;
  - Брокерге сыйақы төлеу және (немесе) Брокердің шығыстарын өтеу бойынша Клиенттің берешегі болған жағдайда;
  - Клиенттік тапсырыстағы (қағаз жеткізгіштегі) қолтаңба үлгісінің қолтанба үлгілері бар нотариалды күәландаған құжатта (оның ішінде клиенттік тапсырыстарға қол коюға құқығы бар заңды тұлға өкілдерінің) немесе жеке тұлғаның (оның ішінде оның өкілінің) жеке басын күәландаратын құжатта көрсетілген қолтаңбаларға көзben шолу кезінде сойкес келмеу жағдайында, егер клиенттік тапсырыска жауапты Брокер қызметкерінің қатысуымен Клиент қол қоймаған жағдайда. Көрсетілген жағдайда, сондай-ақ брокердің жауапты қызметкерінің қатысуымен кол қойылмаған клиенттік тапсырыска сәйкес жасалуы болжанатын мәміле сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 2000 (екі мың еселеңген) мөлшерінен асатын соманы құрайтын жағдайда – жеке тұлға болып табылатын клиент үшін, және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20000 (жиырма мың еселеңген) мөлшері, - заңды тұлға болып табылатын клиент үшін, Брокер Клиенттен Клиенттің тапсырысында көрсетілген әрекеттерді жасау инициатива тауды сұрайды. Бұл негіз әлектрондық құжат түрінде немесе өзге де әлектрондық-цифров түрде, оның ішінде SWIFT, Bloomberg, Reuters жүйелерін пайдалана отырып берілген Клиенттік тапсырыстарға колданылмайды;
  - Клиенттік тапсырысты телефон байланысы арқылы беру кезінде, Заңнамага, Шартта және ішкі құжаттарда айқындалған шарттар мен тәртіпке сәйкес Клиенттің сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда;
  - Шартта, Заңнамада, Брокердің Ішкі құжаттарында қарастырылған өзге де жағдайларда.
- Егер Брокер Клиенттік тапсырысты орындауга қабылдамаған жағдайда, Клиентке Клиенттік тапсырысты орындауда себептерін көрсете отырып, пошта арқылы және (немесе) қолма-қол және (немесе) әлектрондық пошта арқылы немесе байланыстың өзге де ықтимал түрлерімен хабарлама (еркін нысанда) жібереді.
- 3.9. Шартта қарастырылған жалпы негіздерден басқа, егер Брокердің пікірінше, Клиенттік тапсырыстың түпнұсқалығы мен дұрыстығы туралы күмән болса, сондай-ақ ЭЦК-ға үшінші тұлғалардың қол жеткізу мүмкіндігі туралы күдік туындаған кезде Брокердің әлектрондық Клиенттік тапсырысты орындауга қабылдамауға құқығы бар.
- 3.10. Егер аталған тексеру сәйкесіздіктерді анықтаса, Брокер әлектрондық Клиенттік тапсырысты орындауга қабылдаудан бас тартады, бұл Клиенттік тапсырыска Интернет-Трейдинг жүйесінде тиісті мәртебе берумен расталады. Жазбаша түрде бас тарту рәсімделмейді, ақпарат Клиенттің жеке кабинетінде қолжетімді немесе Клиентке Клиенттік тапсырыс/бұйрық «SB Invest» Интернет-трейдинг» жүйесі арқылы берілмеген жағдайда, Шарттың 3.8-тармагында белгіленген себептерді көрсете отырып, әлектрондық пошта немесе байланыстың өзге де түрлерімен хабарлама еркін нысанда жіберіледі.
- 3.11. Егер көрсетілген тексеру сәйкесіздікі анықтамаса, Брокер әлектрондық Клиенттік тапсырысты орындауга қабылдайды, ол Клиенттік тапсырыска «SB Invest» Интернет-трейдинг» жүйесінде тиісті мәртебе берумен расталады не өзге тәсілмен берілген кезде, жауапты қызметкердің ТАӘ, қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, брокердің оны қабылдағаны туралы белгісі раставу болып табылады. Клиент

сұрау салу бойынша электрондық поштаға Клиенттік тапсырыстың сканерленген нұсқасын алуға не Клиенттік тапсырысты екі данада беруге және Брокердің орналасқан жері бойынша екінші толтырылған дананы алуға құқылы.

- 3.12. Келесі жұмыс күнінен кешіктірмей немесе Заннамада белгіленген өзге мерзімде Депозитарийден, Кастводианнан жүргізілген операция туралы растауды алғаннан кейін Брокер Клиенттік тапсырыстың орындалуы/орындалмағаны туралы есепті қалыптастырырады және оны Клиенттің жеке кабинетіне жеткізеді не электрондық поштамен немесе Шартта қарастырылған өзге де байланыс түрлерімен жібереді. Есептің түпнұсқасы Клиентке оның сұранысы бойынша Брокердің орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін.
- 3.13. Егер Клиенттің Клиенттік тапсырыстың орындалуы/орындалмауы туралы есеп бойынша қарсылықтары болса, ол оны алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Брокерге хабарлауға міндетті. Әйтпесе, Клиенттік тапсырыстың орындалуы/орындалмауы туралы есеп Клиентпен қабылданған, Брокермен орындалған және Шартта көрсетілген көлемде және талаптар бойынша Клиентпен қабылданған қызметтер болып есептеледі.

**«23» тамыз 2023 ж. 2 бөлім 3.14 тармақпен толықтырылды**

- 3.14. Клирингтік ұйымның және (немесе) орталық контрагенттің қызметтерін қолдана отырып, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында шетел валютасымен мәмілелер жасасу шарттары, сондай-ақ осындай мәміле бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету шарттары мен тәртібі Биржаның, клирингтік ұйымның және (немесе) орталық контрагенттің ішкі құжаттарында белгіленеді. Брокердің ішкі құжаттарында оның клиенттеріне катысты ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында шетел валютасымен мәміле жасасу (жасасуға өтінім беру) бойынша қосымша талаптар айқындалады.

#### **4. НОМИНАЛДЫ ҰСТАУ ТӘРТІБІ**

- 4.1. Номиналды ұстaudы жүзеге асыру шенберінде Брокер Клиентке Шарттың 1.4-тармағында көрсетілген қызметтерді көрсетеді.
- 4.2. Қосылу туралы өтінішті немесе Шартты тіркеген, Брокердің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде және жеке шотты ашуға бұйрық болған кездеғана, Брокер Клиентке номиналды ұстaudы есепке алу жүйесінде Дербес шотты және қосалқы шот ашуға қажетті Клиенттің барлық деректемелерін ашып, Депозитарийді есепке алу жүйесінде қосалқы шотты ашады. Клиенттің Дербес шоты мен қосалқы шотын ашқан кезде Брокер мен Клиент Заңнама талаптарын, сондай-ақ Брокердің және бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысуышылардың Ішкі құжаттарын талаптарын сактайды.

**«23» тамыз 2023 ж. 4-бөлім 4.2-1 тармақпен толықтырылды**

- 4.2-1. Брокер өзіне және оның Клиенттеріне тиесілі қолма-қол ақшасыз шетел валютасын Қазақстан Республикасының банктерінде және (немесе) резидент емес банктерінің филиалдарында және (немесе) бағалы қағаздардың орталық депозитарийнде және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарында есепке алу және сактау үшін бөлек банк шоттарын ашады. Бұл талап Брокерге және оның Клиенттеріне Биржада тиесілі қолма-қол ақшасыз шетел валютасын есепке алған және сактаган жағдайда қолданылмайды.
- 4.3. Клиенттің қаржы құралдары мен ақшаны Брокерге номиналды ұстaugа беруі үшін қаржы құралдары мен ақшага меншік құқығын беруді білдірмейді. Клиенттің дербес шотында ескерілетін қаржы құралдары мен ақшага меншік құқығы Клиентте осы Шарттың қолданылу мерзімі бойы сакталады.
- 4.4. Мәмілелер жасау мақсатында Клиент Клиенттік бұйрық бергенге дейін өзінің дербес шотында ақшаның/бағалы қағаздардың, өзге қаржы құралдарының қажетті көлемінің болуын қамтамасыз етуге міндетті.
- 4.5. Клиенттің Дербес шоты бойынша барлық операциялар Клиенттің бұйрығы негізінде орындалады.
- 4.6. Бағалы қағаздар бойынша құқықтар Клиентте мәміле/операция Депозитарийде/Кастодианды тіркелген сәттен бастап Брокердің номиналды ұстaudын есепке алу жүйесінде мәмілені/операцияны бір мезгілде тіркей отырып, Клиенттің қосалқы шоты бойынша туындаиды. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды раставу Клиенттің Дербес шотынан Брокерді есепке алу жүйесінде немесе Депозитарийді есепке алу жүйесінде үзінді көшірме беру арқылы жүзеге асырылады. Дербес шоттан үзінді көшірме Клиентке ай сайын немесе Клиенттің сұрау салуы бойынша еркін нысанда берілген өтініш негізінде және (немесе) Жеке кабинетте мәліметтер беру жолымен беріледі.
- 4.7. Клиент қаржы құралдарын үшінші тұлғалардың шоттарына аударуға клиенттік бұйрық берген жағдайда, Клиент Брокерге осындай аударым үшін негіз болып табылатын құқық белгілейтін құжатты (сатып алушату шарты, сыйға тарту шарты, мұрагерлік құқығы туралы күәлік және т.б.) ұсынуға міндеттенеді. Құқық белгілейтін құжат нотариалды күәландырылған көшірме түрінде не көшірмелерді құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқаларына сәйкестігіне салыстыру үшін Брокердің жауапты қызметкеріне түпнұсқасын ұсына отырып, көшірmede ұсынылуы мүмкін.
- 4.8. Клиенттің ақшасын үшінші тұлғалардың шоттарына аударуға тыйым салынады.
- 4.9. Қаржы құралдарына ауыртпалық салуға бұйрық берген кезде Клиент Брокерге кепіл туралы шарттың нотариалды күәландырылған көшірмесін не кепіл туралы шарттың түпнұсқасын бере отырып, көшірмесін құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқасына сәйкестігін салыстыру үшін Брокердің жауапты қызметкеріне ұсынуға міндетті.
- 4.10. Қаржы құралдарынан ауыртпалықты алғып тастауды Брокер мәмілелеге қатысуышылардың қарсы Клиенттік бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

- 4.11. Шарт бойынша номиналды ұстауға берілген қаржы құралдарына Клиенттің құқықтарына байланысты ақшалай нысандағы барлық сыйақылар, сатудан түсken кірістер және өзге де түсімдер Клиентке тиесілі болады. Бұл ретте Брокер Брокерге номиналды ұстауға берілген қаржы құралдары бойынша Клиентке тиесілі сыйақылар мен басқа да түсімдердің тусуін Клиенттің дербес шотында тіркейді.
- 4.12. Клиенттің қаржы құралдары бойынша сыйақы алған және (немесе) негізгі борышты өтеген кезде Брокер бұл туралы Клиенттің дербес шотына сыйақы және (немесе) негізгі борыш сомасы түсken күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей Клиентке хабарлайды.
- «23» тамыз 2023 ж. 4.13-тармақ жаңаға редакцияда баяндапланған**
- 4.13. Клиент Брокердегі Клиенттің дербес шотындағы ақшаны өзінің банктік шотына немесе басқа номиналды ұстаушыда ашылған шотқа аударуға құқылы. Ақша аударуға бұйрықты Клиент Брокерге ағымдағы күні операцияны жүзеге асыру үшін Астана уақытымен сағат 16:00-ден кешіктірмей беруі тиіс. Қөрсетілген уақыттан кейін берілген бұйрықты Брокер келесі жұмыс күні орындауга тиіс.
- 4.14. Клиенттің дербес шотын Брокер жабады:
- Дербес шотты жабуға берілген Клиенттік бұйрық негізінде;
  - Дербес шотта 12 (он екі) ай ішінде бағалы қағаздар болмаған кезде, Дербес шот жабылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Клиентті хабардар ете отырып, номиналды ұстаушының атқарушы органдың шешімі негізінде.
- 4.15. Брокер Брокердің номиналды ұстаушы ретінде атына ресми жіберілген, Уәкілетті органдың және (немесе) Депозитарийдің және (немесе) Эмитенттің және (немесе) Кастодианың және (немесе) клирингтік ұйымының және (немесе) есеп айырысу ұйымының және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымының тиісті хабарламаларын алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты ақпаратты Клиенттің назарына жеткізеді. Егер Брокер алған ақпаратқа сәйкес Клиенттен қандай да бір әрекеттер жасау талап етілсе (оның ішінде дауыс беруге қатысу, бұйрық беру, нұсқаулықты толтыру және т.б.), Брокер өзінің хабарламасында (ауызша, электрондық тәсілмен, телефон арқылы және (немесе) басқа да колжетімді тәсілмен) бұл туралы Клиентке хабарлайды. Бұл ретте Клиент талап етілетін әрекетті Брокер қөрсеткен мерзімде және тәсілмен жасайды.

## 5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**«23» тамыз 2023 ж. 5.1-тармақ жаңаға редакцияда баяндапланған**

- 5.1. Брокер міндетті:
- Шартта қарастырылған тәртіппен және шарттарда клиентке дербес шот ашуға;
  - орындауга қабылданған Клиенттік тапсырыстарды/Клиенттік бұйрықтарды оларда қөрсетілген шарттарды сактай отырып орындауға;
  - Клиентке орындалған/орындалмаған мәмілелер туралы есептерді, үзінді көшірмелерді және Шартқа сәйкес өзге де құжаттарды ұсынуға;
  - Клиентті операцияларды жүргізу және (немесе) қаржы құралдарын иелену нәтижесінде алынған кірістердің тусуі туралы хабардар етуге;
  - Клиент алдында оның құқықтары мен мұдделерін қозғайтын ақпаратты ашуға;
  - Клиентке брокерде бар қаржы құралдары мен эмитенттер туралы ақпаратпен (бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық қупияны не заңмен қорғалатын өзге де қупияны құрайтын ақпаратты қоспағанда)тансу мүмкіндігін ұсынуға;
  - бағалы қағаздары Клиенттің меншігінде болатын эмитенттерден алынған және таратуға арналған (мысалы, Клиенттің құқықтары мен мұдделерін қозғайтын номиналды ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты) ақпаратты Клиенттің назарына жеткізуғе;
  - Клиенттік тапсырыстарды/Клиенттік бұйрықтарды орындау кезінде Клиенттің мұдделерін ғана сақтауға, Заңнамада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Клиент ұсынған қупия ақпаратты өз мұддесі үшін немесе үшінші тұлғалардың мұддесі үшін пайдаланбауға;
  - Заңнамада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Клиенттің дербес шоты туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария етпеуге;
  - Клиенттің талабы бойынша Клиенттік тапсырыстың/Клиенттік бұйрықтың орындалуы туралы есептер мен Дербес шоттан үзінді көшірмелердің түпнұсқаларын және шартта қарастырылған өзге де есептерді, қызмет қөрсету туралы актілерді және Клиенттен еркін нысанда жазбаша сұрау салуды алған сәттен бастап өзге де құжаттарды ұсынуға міндетті. Бұл ретте Клиентке жоғарыда қөрсетілген құжаттардың түпнұсқаларын Брокердің орналасқан жері бойынша өз бетімен алу қажет. Курьерлік және (немесе) пошта қызметін пайдалана отырып, жоғарыда қөрсетілген құжаттарды жіберу қажет болған кезде құжаттарды жөнелтуге және жеткізуге арналған шығыстарды Клиент Брокердің бірінші талабы бойынша өтеуге тиіс. Жоғарыда қөрсетілген шығыстарды өтеу туралы талап қою Брокердің міндеті емес, құқығы болып табылады және егер оны Брокер ұсынбаса, онда ол есептеуге және төлеуге жатпайды;
  - Клиентті Заңнамада белгіленген мерзімдерде пошта және (немесе) қолма-қол және (немесе) электрондық пошта арқылы және (немесе) Жеке кабинетке немесе байланыстың өзге де ықтимал түрлеріне хабарлама жіберу және (немесе) брокердің сайтында орналастыру арқылы хабардар етуге;
  - ✓ үәкілетті орган қатарынан соңғы 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде Брокерге қолданған әкімшілік жазаларды қоспағанда, санкциялар туралы. Әкімшілік жаза түріндегі санкциялар бойынша Брокерге әкімшілік жаза

қолдану туралы мәліметтер әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау аяқталған күннен бастап қатарынан соңғы 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде, осындай хабарламаны жіберу негізі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылады;

- ✓ Клиенттің есебінен және оның мүддесі үшін жасалуы болжанатын қаржы құралдарымен жасалатын мәмілеге қатысты белгіленген шектеулер мен ерекше шарттар туралы. Хабарлама жазбаша түрде рәсімделеді, Брокердің шығыс хат-хабарларының журнальында тіркеледі және осындай хабарламаны жіберу үшін негіз туылған күні электрондық пошта немесе пошта хабарламасымен жіберіледі. Егер Клиенттің есебінен және мүддесінде жасалуы болжанатын не Клиенттің Клиенттік тапсырысы негізінде жасалған мәмілениң шарттары бағалы қағаздар нарығында айла-шара жасау мақсатына сәйкес келсе немесе айқындалса, Брокер Клиентке хабарлама жіберумен бір мезгілде өзіне қатысты шектеулер белгіленген бағалы қағаздармен жасалған мәміле кезінде Уәкілетті органға осы хабарламаның көшірмесін жібереді, осындай хабарламаны жіберу үшін негіз пайда болған күні ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының туындауы туралы;
- ✓ лицензияның қолданылуын тоқтата түру туралы Уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Клиентке жеке хабарлама жіберу және Клиенттер үшін оңай қол жетімді жерлерде (бас оғис пен филиалдардың үй-жайларында, сондай-ақ брокердің сайтында) тиісті хабарландыруларды орналастыру арқылы, сондай-ақ номиналды шоттары ашылған номиналды ұстаушыларға хабарлама жіберу арқылы брокерді ұстау;
- ✓ лицензиядан айыру туралы мөр уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде клиентке лицензиядан айыру себебі бойынша шартты бұзу туралы Жеке хабарлама жіберу және клиенттер үшін оңай қол жетімді орындарда (бас оғис пен филиалдардың үй-жайларында) тиісті хабарландыруларды орналастыру, сондай-ақ, Брокерде номиналды ұстау шоттары ашылған номиналды ұстаушыларға хабарлама жіберу;
- Заңнамада, Брокердің Ішкі құжаттарында, Шартта қарастырылған басқа да міндеттерді атқаруға құқылы.

**«23» тамыз 2023 ж. 5.2 тармақ жаңа редакцияда баяндалған**

5.2. Брокер құқылы:

- Шарттың талаптары мен тарифтердің мөлшерін біржақты тәртіппен өзгертуге;
- көрсетілген қызметтер үшін комиссиялық сыйақы, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету нәтижесінде келтірілген шығыстар үшін өтемақы сомасын алуға;
- мәміле жасау үшін Брокердің шоттарында Клиентте ақшаның және (немесе) бағалы қағаздардың және (немесе) өзге де қаржы құралдарының қажетті мөлшері болмаған кезде Клиенттік тапсырысты орындауға қабылдамауға;
- Клиент Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде Брокердің комиссиялық сыйақысын төлеу және Шарт бойынша қызметтер көрсету нәтижесінде Брокер шеккен шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындаған жағдайда Клиенттік тапсырысты/Клиенттің бүйрығын орындауға қабылдамауға;
- мәмілені Уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығында айла-шара жасау мақсатында жасалған деп тануы мүмкін тәуекел болған жағдайда және (немесе) қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға және жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-кимыл жөніндегі заңнамада қарастырылған жағдайларда Клиенттік тапсырысты орындауға қабылдамауға;
- егер Клиенттен осындай Клиенттік тапсырысқа/бүйрыққа қатысты көрінеу орындалмайтын нұсқаулар немесе олардың орындалуы қолданыстағы заңнамага, Брокердің Ішкі құжаттарына, Шартқа қайшы келетін іс-әрекеттерге экеп согатын нұсқаулар алынған жағдайда клиенттік тапсырысты/бүйрықты орындауға қабылдамауға;
- Брокер берген Клиенттік тапсырысты/бүйрықты AIX сауда жүйесіне қабылдамаған, өзгерктен немесе жойған немесе AIX бастамасы бойынша Брокердің сауда жүйесіне рұқсатын тоқтатқан және/немесе шектеген жағдайда Клиенттік тапсырысты/бүйрықты орындауға;
- Клиент Шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындаған жағдайда, Шартта қарастырылған тәртіппен және мөлшерлемелер бойынша тұрақсыздық айыбының сомасын есептеуге;
- сатып алынған қаржы құралдарын төлеу бойынша берешек сомаларын, Брокердің комиссиялық сыйақысын, Шарт бойынша төлемдердің кешіктірілуі бойынша пайда болған өсімпұлды, сондай-ақ Клиенттің қаржы құралдарымен операциялар жасау немесе оларды сақтау салдарынан тікелей туындаған, Брокерге өтеуге жататын шығындар сомаларын Клиенттің жеке шотынан акцептсіз есептен шыгаруға;
- Клиент міндеттемелерді орындағанға дейін Клиентке қызмет көрсетуді тоқтата тұруға және Брокер қойған шотты төлеу мерзімі өткен жағдайда Шартқа сәйкес өсімпұл есептеуге;
- егер Клиент брокерге өзінің байланыс деректерінің немесе деректемелерінің өзгергені туралы хабарламаса, нәтижесінде Клиентпен байланыс жоғалса, жеке операцияларды жүргізу кезінде өз қалауы бойынша, мысалы, Клиентке қаржы құралдары бойынша кірістерді аудару, Клиент туралы ақпаратты ашу және т. б.кезінде:
- ✓ Клиент туралы қолда бар ақпаратты басшылыққа алуға (Банк деректемелері және т. б.);
- ✓ Клиенттің қаржы құралдарымен кез-келген операцияларды жағдай нақты айқындалғанға дейін тоқтата тұруға.

Екі жағдайда да Брокердің әрекеттері тиісті түрде жасалған деп саналады;

- Клиенттің қаржы құралдарымен (немесе) ақшамен қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттемелерін орындауына байланысты Брокердің есебінен репо мәмілесін жабу жөніндегі міндеттемелерді орындаған жағдайда, Брокердің Клиенттің қосалқы шотына осы мәміле бойынша түскен қаржы құралдарын және (немесе) ақшанды өз меншігіне есептен шыгаруға құқығы бар; бұдан басқа, Клиент Брокерге Брокер Клиенттің қосалқы шотынан есептен шыгарған қаржы құралдары және (немесе) ақша есебінен жабылмаған шығынды өтеуге міндетті;
  - Шарттың қолданылу кезеңінде қосымша құжаттарды сұратуға;
  - жеке шоттан үзінді көшірмені немесе тапсырыстың/бұйрықтың орындалуы/орындалмағаны туралы есепті және өзге де есептерді, хабарламалар мен құжаттарды электрондық түрде, оның ішінде E-mail хабарламалар жіберу арқылы және/немесе Жеке кабинетте мәліметтер беру арқылы беруге, сондай-ақ Клиенттік тапсырыстың/бұйрықтың телефон хабарламасы (конырау, SMS және телефон хабарламаларының өзге де түрлері) арқылы орындалғанын/орындалмағанын растауға құқылы. Бұл ретте жеке шоттан үзінді көшірме және жүргізілген операциялар туралы есеп Жеке кабинет арқылы ұсынылатын қызметтерді пайдаланатын клиентке - жеке кабинетте мәміле тіркелген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей қолжетімді болады;
  - алынған ақпарат туралы мәліметтермен, аутентификация туралы мәліметтермен шектелмей, Клиенттің сауда платформасын пайдалану тәртібін бакылауды жүзеге асыруға;
  - Шарт талаптарына, Заңнама талаптарына, Ішкі қауіпсіздік рәсімдеріне, реттеуші органдардың талаптарына, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ережелеріне сүйене отырып, Клиенттің мәмілелер жасау мүмкіндігін шектейтін лимиттерді белгілеуге;
  - Келесі жағдайда Клиентке бұл туралы Жеке кабинет арқылы немесе өзге де тәсілмен хабарлама жібере отырып, Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе орындаудан бас тартуға:
- ✓ сауда платформасымен, Жеке кабинетпен жоспарлы профилактикалық жұмыстарды орындау, сауда платформасы мен Жеке кабинетке жоспарлы технологиялық өзгерістерді жүзеге асыру;
- ✓ Клиенттің Жеке кабинеті арқылы алынған ақпаратты заңсыз пайдалануы туралы мәліметтерді алу;
- келесі жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды біржақты тәртіппен тоқтата тұруға немесе Клиентке хабарламай орындаудан бас тартуға:
- ✓ клиенттің сауда платформасына рұқсатызың қол жеткізуі туралы болжамдар үшін негіздердің болуы;
- ✓ Жеке кабинетте Клиенттің санкцияланбаган немесе зиянды әрекеттерін жүзеге асыру туралы болжамдар үшін негіздердің болуы;
- ✓ жоспардан тыс профилактикалық жұмыстарды орындау кезінде жеке кабинетте ақаулардың пайда болуы;
- ✓ көрсетілген даулы жағдайлар шешілгенге дейін не тараңтар аралық келісімге қол жеткізгенге дейін, оның ішінде Жеке кабинетті пайдалануына немесе пайдаланудың мүмкін еместігіне байланысты даулы наразылық жағдайларының туындауы;
- ✓ Клиенттің бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін қолданыстағы Заңнаманы бұзуы, Клиенттің шартты, биржалық ақпарат иелерінің ережелерін, Брокердің немесе байланыс арналарын жеткізуілердің ережелерін бұзуы; сондай-ақ
- ✓ Сауда-саттықты ұйымдастырушының бағдарламалық-техникалық құралдарында техникалық іркілістер туындаған жағдайда;
- Шартта белгіленген шарттарда және мерзімдерде Клиентті алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы;
